

1.5 - кестеде мұнайдың ең көп қорына ие мемлекеттер берілген.

1.5 – кесте. Мұнай қорлары млрд. баррель

Сауд Арабиясы	261,750	АҚШ	22,045
Ирак	112,500	Катар	15,207
БАӘ	97,800	Норвегия	9,947
Кувейт	96,500	Алжир	9,200
Иран	89,700	Бразилия	8,465
Венесуэла	77,685	Оман	5,506
Ресей	48,573	Қазақстан	5,417
Ливия	29,500	Ангола	5,412
Мексика	26,947	Ионденезия	5,000
Нигерия	24,000	Бірінші жиырма ел	975,148
Қытай	24,000	Қалған елдер	56,983
Барлығы			1,032,132

1.3 Ресейдің теңіз кен орындарын игеру

Ресей мемлекеті теңіз шельфтерінде мұнай мен газдың қорларын өндірістік игеру алдында тұр. Қазіргі кезде негізгі континентальды шельф кен орындары негізінен Батыс Сібірде орналасқан және олардың қоры біртіндеп азая бастауда. 1994 жылдан бастап болжаланған қорлардың өсуі оны игерілген қорын компенсацияланбайды. Мұнай мен конденсаттардың қорларының өсуі жылына 200 млн.т деңгейінде болса (оны өндіру жылына 300 млн.т деңгейде), ал газ қорларының өсуі 200-250 млрд.м³ деңгейде болса (оны өндіру жылына 590 млрд.м³ деңгейде). 1999 жылы мұнай мен конденсаттың қорларының өсуі 199 млн.т болса (оны өндіру жылына 304 млн.т деңгейде), ал газ 210 млрд.м³ болса, оны өндіру жылына 567 млрд.м³ деңгейде болған. Өткен жүзжылдықтың 90-шы жылдарында Ресейде мұнай мен мұнай өнімдерін тұтыну 1,5 тен 0,9 дейін төмендеді, ал алдыңғы қатарлы мемлекеттер (АҚШ, Жапон, Батыс Еуропа) жан басына шаққанда мұнайды пайдалану 2-3 т-ға жетті. Шығыс Сібірдегі болжанған мұнайлы аудандар аз көлемді, әрі игеруге қолайсыз аумақта орналасқан. Сол кезде Ресей әлемдегі ең үлкен шельфке ие ел болды (әлем шельфінің 22%-ы), оның ауданы 5,2 млн км², соның ішінде изобаты 200 м дейін оның ауданы 4,5 млн км², оның 75%-ы мұнай мен газға өте бай перспективалы болып есептеледі. Ресейлік шельфтің потенциалды ресурстары әлемдегі ең ірі мұнай-газ провинцияларының қорларымен бірдей. Ресей шельфінің болжаланған мұнай-газ қорлары 100 млрд. т-дан асады. Оның 45%-ы тереңдігі 50 м-ге дейін, 25%-ы 50-100 м және 30%-ы 100-200 м аралығында шоғырланғын.

Мұнай мен газдың жалпы ресурстарының 85%-ы Арктикалық теңіздерге сәйкес келеді, шамамен 12%-ы алыс шығыс теңіздеріне, ал қалғаны ішкі теңіздерге (Каспий, Қара теңізі, Азов және Балтық теңіздері).